

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және ақпарат министрінің  
2024 жылғы «23» қаңтар  
№ 29-НҚ бұйрығына  
2-қосымша

**«Астана Балет» театры»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің  
Жарғысы**

**Астана қаласы 2024 жылы**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. «Астана Балет» театры» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - Серіктестік) Қазақстан Республикасының заңдары бойынша заңды тұлға болып табылады.

2. Серіктестік мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап заңды тұлға құқығын иеленеді, дербес балансы, банкте шоттары, өз атынан мәмілелер жасасуға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иеленуге, міндеттемелер алып, сотта талапкер және жауапкер болуға құқылы.

3. Серіктестіктің атауы жазылған бланкілері және өз қызметін жүргізуге қажетті өзге де реквизиттері болады.

4. Серіктестік өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Азаматтық кодексін, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» (бұдан әрі - Заң), «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерін және де осы Жарғыны басшылыққа алады.

### **2-тарау. Серіктестіктің фирмалық атауы, тұрған жері және мекен-жайы**

5. Серіктестіктің фирмалық атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Астана Балет» театры» жауапкершілігі шектеулі серіктестік;

қысқаша атауы: «Астана Балет» театры» ЖШС;

2) орыс тілінде: Товарищество с ограниченной ответственностью «Театр «Астана Балет»;

қысқаша атауы – ТОО «Театр «Астана балет»

6. Серіктестіктің орналасқан жері және мекенжайы: Z05K7Y2, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Ұлы Дала даңғылы, 43 үй.

7. Жеке кәсіпкерлік субъектісінің мәртебесі: Серіктестік орта кәсіпкерлік субъектісі болып табылады.

8. Негізгі қызмет түрі:

1) театр қызметі;

2) концерттік қызметі.

9. Серіктестік монополияға қарсы органның келісімімен лицензияның негізінде, заң актілерінде тізімі айқындалған қызметтің жекелеген түрлерімен де айналыса алады.

### **3-тарау. Серіктестік қатысушыларының тізімі**

10. Серіктестіктің құрылтайшысы Астана қаласы, Жеңіс даңғылы 11 мекенжайы бойынша орналасқан, БСН 980240000950, KZ92070101KSN0000000, СТН 031400130617, БСК ККМЕКZ2А, ҚР ҚМ Қазынашылық комитеті (бұдан әрі Комитет) ММ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады. Комитетке республикалық меншікке қатысты меншік иесінің құқықтарын іске асыру жөнінде өкілеттіктер берілген және серіктестіктің мемлекеттік үлесіне иелік ету функциялары берілген.

Қабылдап алу-беру жөніндегі тиісті акт негізінде Серіктестіктің жарғылық капиталындағы мемлекеттік үлесті меншіктеуші және пайдаланушы мемлекеттік орган (Жалғыз қатысушы) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі.

#### **4-тарау. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының құқықтары мен міндеттері**

11. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы:

- 1) Заңмен және Серіктестік Жарғысында көзделген тәртіппен Серіктестік істерін басқаруға қатысуға;
- 2) Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алуға, оның бухгалтерлік және өзге де құжаттамасымен танысуға;
- 3) Серіктестік қызметінен Заңмен, Серіктестіктің Жарғысына және Жалғыз қатысушының шешіміне сәйкес табыс алуға, таза табысты бөлуге қатысуға;
- 4) Серіктестік таратылған жағдайда, несие берушілермен есеп айырысқаннан кейін қалған мүліктің өзіне тиесілі бір бөлігінің құнын немесе осы мүліктің бір бөлігін заттай алуға;
- 5) Заңмен көзделген тәртіппен өз үлесін бөліп алу арқылы серіктестікке қатысуын тоқтатуға;
- 6) Заңда және (немесе) Серіктестіктің Жарғысында көзделген олардың құқықтарын бұзған серіктестік органдарының шешімдеріне сот тәртібімен дау айтуға құқылы.

12. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы:

- 1) Заңдарда және осы Жарғыда көзделген тәртіпте, мөлшерде және мерзімде серіктестіктің жарғылық капиталына салымдар салуға;
- 2) Серіктестік коммерциялық құпия деп тапқан мәліметтерді жария етпеуге;
- 3) Серіктестікке қатысушылардың тізімін жүргізген жағдайда осы жарғының 10-тармағында көзделген мәліметтердің өзгергені туралы атқарушы органға, сондай-ақ, орталық депозитарийге жазбаша хабарлауға міндетті.

13. Серіктестіктің Жалғыз қатысушы Қазақстан Республикасының заң актілерінде заңнамалық актілерінде көзделген басқа да міндеттерді атқаруы мүмкін.

#### **5-тарау. Серіктестік органдарын қалыптастыру тәртібі және құзыреті**

14. Серіктестік органдары:

- 1) Серіктестіктің жоғары органы – Жалғыз қатысушы;
- 2) басқару органы – Бақылау кеңесі;
- 3) Серіктестіктің атқарушы органы (жеке-дара) – директор;
- 4) Тексеру комиссиясы (тексеруші).

15. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының ерекше құзыретіне мыналар жатады:

- 1) Серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшерін, орналасқан жері мен фирмалық атауын өзгертуді қоса алғанда, оның жарғысын өзгерту немесе Серіктестіктің жаңа редакциядағы жарғысын бекіту;
- 2) Серіктестіктің атқарушы органын құру және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ, Серіктестікті немесе оның мүлкін сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдау және осылай берудің шарттарын айқындау;
- 3) Серіктестіктің бақылаушы кеңесін және (немесе) тексеру комиссиясын (тексерушіні) сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ, серіктестіктің тексеру комиссиясының (тексерушісінің) есептері мен қорытындыларын бекіту;
- 4) қаржылық есептемені бекіту және оның таза табысын бөлу;

5) Серіктестіктің жылдық қаржылық есебіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды айқындау;

6) Серіктестікті қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім шығару;

7) тарату комиссиясын тағайындау және тарату баланстарын бекіту;

8) Серіктестіктің бүкіл мүлкін кепілге беру туралы шешім шығару;

9) Серіктестік мүлкіне қосымша жарналарын енгізу туралы шешім шығару;

10) Нәтижесінде жауапкершілігі шектеулі Серіктестік активтерінің теңгерімдік құнының жалпы мөлшерінің елу бір және одан көп процентін құрайтын мүлікті иеліктен шығаратын (иеліктен шығарылуы мүмкін) мәмілені немесе өзара байланысы бар жиынтық мәмілелер жасау туралы Серіктестік шешімін мақұлдау.

Жалғыз қатысушы серіктестік қызметіне байланысты кез-келген мәселені талқылауға құқылы.

16. Бақылаушы кеңесін Жалғыз қатысушы сайлайды және Серіктестіктің қызметіне жалпы басшылықты және директордың қызметіне бақылауды жүзеге асыратын Серіктестік басқармасының тұрақты алқалы органы болып табылады.

17. Бақылаушы кеңесі Жалғыз қатысушыға есеп береді және оның шешімдерін орындайды.

18. Бақылаушы кеңесі бес жылдан аспайтын мерзімге жалғыз қатысушы сайлайтын кемінде үш мүшеден тұрады. Директор Бақылаушы кеңесінің мүшесі болып сайлана алмайды. Бақылаушы кеңесінің төрағасы Бақылаушы кеңесі мүшелерінің ішінен, жасырын дауыс беру арқылы, Бақылаушы кеңесі мүшелерінің жалпы санының қарапайым көпшілік дауысымен сайланады.

19. Бақылаушы кеңесінің құзырына мыналар жатады:

1) серіктестік қызметінің басым бағыттарын анықтау;

2) серіктестіктің даму жоспарын және оның орындалуы жөніндегі есепті Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған, белгіленген тәртіппен атқарушы орган әзірлеген және ұсынған мерзімде бекіту;

3) жылдық қаржылық есепті алдын ала бекіту және Жалғыз қатысушыға таза табысты бөлу тәртібі жөнінде ұсыныс енгізу;

4) Нәтижесінде жауапкершілігі шектеулі серіктестік активтерінің теңгерімдік құнының жалпы мөлшерінің жиырма бес және одан көп процентін құрайтын мүлікті сатып алу немесе иеліктен шығару туралы ірі көлемдегі мәміле немесе өзара байланысы бар жиынтық мәмілелер жасау туралы Серіктестік шешімін мақұлдау;

5) комплеанс-офицерді тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау, өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтату;

6) Осы Жарғыда көзделген, сондай-ақ, Жалғыз қатысушының шешімі бойынша Бақылаушы кеңесінің құзырына жатқызылған немесе директордың, Бақылаушы кеңесі мүшесінің бастамасы бойынша Бақылаушы кеңесінің талқысына шығарылған өзге де ұсыныстар.

20. Барлық мүшелерінің жартысынан көбі қатысқан Бақылаушы кеңесінің отырысы ғана өкілетті болып саналады. Кворумды және сайлаудың қорытындысын анықтауда Бақылаушы кеңесінің отырыста жоқ мүшесінің жазбаша пікірі есептеледі.

21. Бақылаушы кеңесінің шешімдері отырысқа қатысатын Бақылаушы кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыс тең болған жағдайда Бақылаушы кеңесі төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Бақылаушы кеңесінің шешімдері Бақылаушы кеңесі төрағасының ұйғарымымен сырттай дауыс беру арқылы да қабылдануы мүмкін. Белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған кезде ғана сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешім заңды деп танылады. Сырттай дауыс беруге арналған

бюллетеньге Бақылаушы кеңесінің мүшесі қол қоюы тиіс. Қол қойылмаған Бюллетень жарамсыз болып саналады. Хаттама жазбаша түрде толтырылып, оған Бақылаушы кеңесінің төрағасы мен хатшысы қол қояды.

22. Бақылаушы кеңесі төрағасы Бақылаушы кеңесінің жұмысын басқарады, Бақылаушы кеңесі отырыстарын ұйымдастырып, отырыста төрағалық етеді. Бақылаушы кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, Бақылаушы кеңесінің шешімі бойынша төрағалық ету қызметін Бақылаушы кеңесінің бір мүшесі атқара алады.

23. Бақылаушы кеңесі төрағасының құзыретіне мыналар жатады:

- 1) Бақылаушы кеңесі шешімдерінің орындалуын бақылау;
- 2) серіктестік атынан директормен еңбек шартын жасасу.

24. Бақылаушы кеңесі қажеттілік болған жағдайда және Бақылаушы кеңесінің төрағасы, директор немесе Бақылаушы кеңесінің кез-келген мүшесінің бастамасымен шақырылады. Шақырылым Бақылаушы кеңесі төрағасына сұрау салу арқылы жүзеге асырылады.

25. Егер Бақылаушы кеңесінің отырысында шешім көпшілік дауыспен қабылданған болса, Қазақстан Республикасының заңдары және осы Жарғы бойынша Жалғыз қатысушы құзырына жатқызылған мәселелерді Бақылаушы кеңесі өз бастамасымен Жалғыз қатысушы қарауына ұсына алады.

26. Серіктестікке шығын келтірген Бақылаушы кеңесінің мүшелері Жалғыз қатысушының талабы бойынша жауапқа тартылып әрі олардан шығын өндіріліп алынуы мүмкін. Сонымен қатар, олар серіктестікті бірігіп басқару ісін жүзеге асыру кезінде келтірілген шығын үшін ортақ жауапкершілікке тартылады.

27. Серіктестікті басқару ісінде Бақылаушы кеңесі мүшелері өз міндетін тиісті дәрежесінде атқармауының салдарынан Серіктестікке келген зияндар үшін (банкротқа ұшыратқан жағдайда) Бақылаушы кеңесі мүшелері Серіктестікпен бірге үшінші тұлғаның алдында жауапкершілікке тартылады.

28. Атқарушы орган жалғыз қатысушыға есеп беретін және оның шешімдері мен бақылау кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастыратын директор болып табылады. Директор тағайындалған кезде еңбек қатынастары еңбек заңнамасына сәйкес реттеледі.

29. Серіктестіктің қызметін қамтамасыз етудің Жалғыз қатысушы мен Бақылаушы кеңесінің құзыретіне жатпайтын барлық мәселелері Директордың құзыретіне жатады.

Директордың құзыретіне, сондай-ақ, Жалғыз қатысушының айырықша құзыретіне жатпайтын, Заңға сәйкес директорға берілген өкілеттіктер жатқызылады.

30. Серіктестік директорының өкілеттіктері:

- 1) Серіктестіктің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) Серіктестіктің өкілі болу құқығына сенімхаттар, соның ішінде, қайта сенім арту құқығымен сенімхаттар береді;
- 3) Серіктестік қызметкерлеріне қатысты оларды лауазымға тағайындау туралы, оларды басқа жұмысқа ауыстыру және жұмыстан шығару туралы бұйрықтар шығарады, еңбек ақы төлеу жүйелерін белгілеп, штат кестесін бекітеді, лауазымдық жалақы мен дербес үстемақылардың мөлшерін белгілейді, сыйақы беру мәселелерін шешеді, көтермелеу және тәртіптік жаза шараларын қолданады;
- 4) ағымдағы және перспективалық жұмыс бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз етеді;
- 5) Жалғыз қатысушының шешімдерін дайындауды және орындауды жүзеге асырады;
- 6) Жалғыз қатысушы беретін шекте серіктестіктің мүлкіне, соның ішінде, қаражатына билік етеді;
- 7) Жалғыз қатысушы айқындаған аудиторлық ұйымның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін белгілейді;

8) Жалғыз қатысушының немесе Бақылау кеңесінің құзыретіне жатқызылмаған өзге де өкілеттіктерді, сондай-ақ, оған Жалғыз қатысушы берген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

31. Серіктестіктің атқарушы органының Қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін тексеру комиссиясы құрылып немесе тексеруші сайлануы мүмкін.

Тексеру комиссиясының функцияларын орындау жеке тексерушіге тапсырылуы мүмкін.

32. Серіктестіктің тексеру комиссиясын немесе жеке тексерушінің Жалғыз қатысушы бес жылдан аспайтын мерзімге сайлайды.

33. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің атқарушы органының мүшелері бір мезгілде тексеру комиссиясының мүшелері (тексерушілері) бола алмайды.

34. Тексеру комиссиясы (тексеруші) кез келген уақытта жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің атқарушы органының қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізуге құқылы. Тексеру комиссиясы (тексеруші) осы мақсатта серіктестіктің барлық құжаттамасын ешқандай кедергісіз көру құқығына ие болады. Тексеру комиссиясының (тексерушінің) талап етуі бойынша атқарушы органның мүшелері ауызша немесе жазбаша түрде қажетті түсіндірмелер беруге міндетті.

35. Жалғыз қатысушы бекіткенге дейін Тексеру комиссиясы (тексеруші) Серіктестіктің қаржылық есептілігіне міндетті түрде тексеру жүргізеді. Жалғыз қатысушы тексеру комиссиясының (тексерушінің) қорытындысы не аудиторлық есебі болмайынша жылдық қаржылық есептемені бекітуге құқығы жоқ.

36. Жауапкершілігі шектеулі Серіктестіктің тексеру комиссиясының (тексерушінің) жұмыс тәртібі жарғымен, сондай-ақ, Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін ережелермен және өзге де құжаттармен белгіленеді.

## **6-тарау. Серіктестіктің таза табысын бөлу**

37. Серіктестіктің бір жыл ішіндегі қызметінің нәтижелері бойынша алған таза табысын бөлу Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының шешіміне сәйкес аудиттелген қаржылық есептілік негізінде ұйымның қаржылық-шаруашылық қызметінің қорытындылары белгіленген тәртіппен бекітілгеннен кейін жүргізіледі.

38. Жалғыз қатысушы таза табысты немесе оның бір бөлігін бөлу туралы шешім қабылдаған күннен бастап, он күн ішінде Серіктестік төлемді ақшалай түрде жасауға тиіс.

## **7-тарау. Серіктестікке қатысушыларға және үлестерді сатып алушыларға Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібі**

39. Жалғыз қатысушы талабы бойынша Серіктестік өз қызметі туралы ақпаратты беруге міндетті.

40. Серіктестіктің директоры Жалғыз қатысушыны:

- 1) сотта корпоративтік дау жөніндегі істің қозғалғаны туралы;
- 2) Серіктестікке Жалғыз қатысушының лажсыз жағдайды шешудің кез келген тәртібіне бастамашылық жасағаны туралы ақпарат беруге міндетті.

41. Директор Жалғыз қатысушының жазбаша өтінішінің негізінде Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты Жалғыз қатысушының шешімімен белгіленген мерзімде беруге міндетті.

42. Үлестерді сатып алушыларға Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібі мен көлемі Жалғыз қатысушының шешімімен және үлесті иелену туралы алдын-ала жасалған келісім-шартпен белгіленеді.

43. Серіктестік жайлы мәліметті басып шығаратын бұқаралық ақпарат құралының атауы - «www.astanaballet.com.» веб-сайты.

### **8-тарау. Серіктестіктің мүлкі және жарғылық капиталының мөлшері**

44. Серіктестіктің мүлкі Жалғыз қатысушының салымдары, Серіктестік табыстары, сондай-ақ заңдарда тыйым салынбаған басқа да көздер есебінен құралады.

Серіктестіктің мүлкі оның балансында есептеледі

45. Серіктестіктің жарғылық капиталы 175 787 000 (жүз жетпіс бес миллион жеті жүз сексен жеті мың) теңгені құрайды.

### **9-тарау. Серіктестіктің қайта ұйымдастырылуы мен таратылуы**

46. Серіктестік Жалғыз қатысушының шешімімен немесе Қазақстан Республикасының Заңдарымен көзделген басқа да негіздер бойынша қайта ұйымдастырылып немесе таратылуы мүмкін.

47. Серіктестіктің қайта ұйымдастырылу немесе таратылу тәртібі Заңымен және басқа да нормативтік-құқықтық актілермен реттеледі.

### **10-тарау. Қорытынды ереже**

48. Серіктестік өз қызметінде осы Жарғыны және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін басшылыққа алады.

49. Жарғыға қосымшалар қабылдау арқылы осы Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін немесе Жарғы жаңа редакцияда жазылуы мүмкін.

50. Серіктестік құрылған кезде оның құқық қабілеттілігі пайда болып, оны тарату аяқталған кезде тоқтатылады.

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және ақпарат  
министрінің  
2024 жылғы «02» 07  
№ 285-ИҚ бұйрығымен бекітілді

**«Астана Балет» театры» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің  
Жарғысына өзгеріс**

«Астана Балет» театры» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің  
Жарғысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

Жарғының 8-тарауның 45-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«45. Серіктестіктің жарғылық капиталы 7 206 551 000 (жеті миллиард  
екі жүз алты миллион бес жүз елу бір мың) теңгені құрайды.».

**«Астана Балет» театры»  
жауапкершілігі шектеулі  
серіктестігінің  
Директоры**



**А.А. Совостьянов**

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және ақпарат  
министрінің  
2024 жылғы «25» 11  
№ 559-нқ бұйрығымен бекітілді

**«Астана Балет» театры» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің  
Жарғысына өзгеріс**

«Астана Балет» театры» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің  
Жарғысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

Жарғының 8-тарауының 45-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«45. Серіктестіктің жарғылық капиталы 7 367 676 000 (жеті миллиард  
үш жүз алпыс жеті миллион алты жүз жетпіс алты мың) теңгені құрайды.».

**«Астана Балет» театры»  
жауапкершілігі шектеулі  
серіктестігінің  
Директоры**



**А.А. Совостьянов**

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және ақпарат  
министрінің  
2025 жылғы «11» сәуірдегі  
№160-НҚ бұйрығымен бекітілді

**«Астана Балет» театры» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің  
жарғысына енгізілетін өзгеріс**

«Астана Балет» театры» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жарғысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

Жарғының 8-тарауының 45-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«45. Серіктестіктің жарғылық капиталы 7 466 508 000 (жеті миллиард төрт жүз алпыс алты миллион бес жүз сегіз мың) теңгені құрайды.».

**«Астана Балет» театры»  
жауапкершілігі шектеулі  
серіктестік директорының  
міндетін атқарушы**



**В.А. Кузембаев**

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және ақпарат  
министрінің  
2025 жылғы «11» шілдедегі  
№ 323-НҚ бұйрығымен бекітілді

**«Астана Балет» театры» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің  
Жарғысына өзгеріс**

«Астана Балет» театры» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің  
Жарғысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

Жарғының 8-тарауының 45-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«45. Серіктестіктің жарғылық капиталы 8 012 558 000 (сегіз миллиард  
он екі миллион бес жүз елу сегіз мың) теңгені құрайды.».

**«Астана Балет» театры»  
жауапкершілігі шектеулі  
серіктестігінің  
директоры**



**Т.Н. Каратаев**

Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және ақпарат министрінің  
2025 жылғы «17» қыркүйектегі  
№532-НҚ  
бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және ақпарат министрінің  
2025 жылғы «11» сәуірдегі  
№160-НҚ  
бұйрығына қосымша

### **«Астана Балет» театры» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Жарғысына өзгерістер**

«Астана Балет» театры» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Жарғысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) Жарғының 5-тарауының 18-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«18. Бақылау кеңесі Жалғыз қатысушы бес жылдан аспайтын мерзімге сайлайтын кемінде бес мүшеден тұрады. Директор Бақылау кеңесінің мүшесі бола алмайды. Бақылау кеңесінің төрағасы Бақылау кеңесі мүшелерінің арасынан Бақылау кеңесі мүшелерінің жалпы санының қарапайым көпшілік дауысымен, жасырын дауыс беру арқылы сайланады.

Бақылау кеңесі құрамының кемінде жартысы Бақылау кеңесінің тәуелсіз мүшелері болуы тиіс»

2) Жарғының 5-тарауының 19-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«19. Бақылау кеңесінің құзырына мыналар жатады:

1) Серіктестіктің даму жоспарын бекіту, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

2) Даму жоспарының орындалуы туралы есепті бекіту, Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

3) Серіктестіктің таза кірісін бөлу туралы алдын ала шешім қабылдау;

4) Серіктестіктің және оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттамасымен кедергісіз танысу;

5) Серіктестіктің атқарушы органына сыйақы мөлшерін және сыйлықақы беру және материалдық көмек көрсету жүйесін айқындау;

6) Бақылау кеңесінің хатшысын сайлау, оның өкілеттік мерзімін және жалақысының мөлшерін айқындау, өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

7) Жалғыз қатысушыға Серіктестік Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныс жасау;

8) Серіктестік қызметінің басым бағыттарын айқындау;

9) Жалғыз қатысушыға Серіктестіктің басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы ұсыныс жасау;

10) Жалғыз қатысушыға Серіктестіктің филиалдарын, өкілдіктерін құру және жабу туралы ұсыныс жасау.

11) Бақылау кеңесі бекіткен тізбеге сәйкес Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту;

12) комплеанс-офицерді тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау, өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтату;

13) Серіктестіктің ішкі аудит қызметінің (егер ол құрылған жағдайда) сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысын және мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату құқы, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеу мөлшері мен шарттарын айқындау;

14) Серіктестіктің ұйымдық құрылымын бекіту;

15) Серіктестік туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты айқындау;

16) «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңда және (немесе) Серіктестіктің Жарғысында көзделген, Серіктестіктің Жалғыз қатысушының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

Осы тармақта белгіленген Бақылау кеңесінің өкілеттіктерін Серіктестіктің атқарушы органына табыстауға жол берілмейді.

Серіктестіктің Бақылау кеңесі мүшесінің талабы бойынша Серіктестіктің құрылымдық бөлімшелері Бақылау кеңесінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпарат беруге міндетті.».

**«Астана Балет» Театры»**  
**жауапкершілігі шектеулі**  
**серіктестігінің директоры**



**Т. Қаратаев**



Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және ақпарат министрінің  
2024 жылғы «23» қаңтардағы  
№ 29-НҚ бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары –  
Мәдениет және ақпарат министрінің  
2026 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_ бұйрығына қосымша

**«Астана Балет» театры» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің  
Жарғысына өзгерістер мен толықтыру**

«Астана Балет» театры» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің  
Жарғысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:  
Жарғының 5-тарауында:

14- тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Серіктестік органдары:

- 1) Серіктестіктің жоғары органы – Жалғыз қатысушы;
- 2) басқару органы – Бақылау кеңесі;
- 3) Серіктестіктің атқарушы органы (жеке-дара) – директор;
- 4) Ішкі аудит қызметі.».

Жарғының 31, 32, 33-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«31. Серіктестіктің қаржы-шаруашылық қызметінің тиімділігіне мониторингті жүзеге асыру үшін Жалғыз қатысушының шешімі бойынша ішкі аудит қызметі құрылады.

32. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Бақылау кеңесінің және атқарушы органның құрамына сайлана алмайды.

33. Ішкі аудит қызметі Бақылау кеңесіне тікелей бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді.».

Жарғының 34, 35, 36-тармақтары алынып тасталынсын.

**«Астана Балет» Театры»  
жауапкершілігі шектеулі  
серіктестігінің  
директоры**



**Қаратаев Т.Н.**

Согласовано

13.01.2026 10:31 Жаппасбаев Айбек Куанышбекович

13.01.2026 13:16 Нурбекова Алтыnguль Жаксылыковна

13.01.2026 14:34 Сапарханұлы Есжан

13.01.2026 14:55 Дакенов Ерлан Ергазиевич

13.01.2026 15:22 Шериязданова Жанар Ярхановна

13.01.2026 15:27 Байжуманов Алибек Булатович

13.01.2026 15:47 Ершорина Асем Мейрамовна

**Подписано**

14.01.2026 19:15 Балаева Аида Галымовна



Министерство юстиции Республики Казахстан - Сагындиқова С. Ж.